

**Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Атакент» Миктарал аудандық
ауруханасының» МБҚ**

Х А Т Т А М А С Ы

Атакент кенті

«25» сәуір 2023 ж.

Жиналыс төрағасы: Д.С.Куракбаева басшы дәрігердің орынбасары

Хатшысы Г.Сәрсенбай

Қатысқан саны: «78» адам

Аурухананың аға дәрігерлері, бөлім меңгерушілері, аға мейірбикелер мен мейірбикелер және әкімшілік бөлімінің қатысуларымен

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.2023 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстарға есеп және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» әрбір азаматтың міндеті» тақырыпта семинар

Жоғарыдағы тақырып бойынша сөз сөйлеген Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Атакент» Миктарал аудандық ауруханасының басшы орынбасары Д.С.Куракбаева

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жемқорлықтың терминологиясын, жіктелісін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мүмкіндігін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілеттік мемлекеттік органдар туралы айтты, онда:

«Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кет-келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылатындығын және пара деп саналатын нәрселер:

Зиттар – ақша, оның ішінде валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қаза сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өңге тауарлар, жер учаскелері және өңге жылжымайтын мүлік.

Қызмет түрлері және олжа – емделу, жолдеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік сапар, ойын-сауықтар мен басқа шығындарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мекеме үнемдеуші Қ.А.Есенбеков сөз алып:-

Елбасы сыбайлас жемқорлықпен күресудің аса маңыздылығын түсіне отырып, сыбайластыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша шараларды қолдану туралы тапсырмалар берді.

Осының нәтижесінде өзіне мемлекеттік қызметке өту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерімен айналысуды жинақтаған жаңа орган құрылды. Ел Президентіне тікелей бағынатын орган болып табылатын Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекет пен қоғамның мемлекеттік қызметті, кадрлық саясатты жүзеге асырудағы күш-жігерін біріктіреді және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге күш салады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Сыбайластық жемқорлықпен күрес мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

- заң мен сот алдында бәрі теңе-тең;
- мемлекеттік органдар қызметін нақты құқықтық реттеумен (регламенттеумен) қамтамасыз ету, атап айтқанда қызметтің заңдылығы мен жариялылығы, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылау жасау;
- жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, санси-құқықтық, ұйымдастыру-бақару жүйелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдылығы;
- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және алдын алу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылармен күресуіне жәрдемдескен азаматтардың жеке қауіпсіздігін және оларды қанталаңдандыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттің мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы, атап айтқанда тұлғалар мен олардың отбасыларының лайықты өмір сүрулері үшін бұл тұлғаларға еңбексіз (ақшалай қолдау) мен жеңілдіктер татайымшау;
- жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметтерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын тұлғалардың өкілеттіктерін делегирлеуді болдырмау, сондай-ақ оларға бақылау мен қадағалау жүргізу.

-Бұдан әрі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-әр азаматтың міндеті» туралы тақырыпта сұрақтар берілді, оның барлығына қанағаттандырылдық жауап қайтарылды.



Д.С.Куракбаева

Г.Сәрсенбай